

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

6M070700 – «ТАУ-КЕН ІСІ» МАМАНДЫҒЫ
(1,5 жылдық оқу түрі бойынша)

Алматы 2016

Оқу курсы 1,5 жыл
Магистратура 6M070700 «Тау-кен ісі» мамандығы

Академиялық дәреже: «Техника және технология магистрі»

№	Модульдің атауы	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Семестр
1	Жалпытехникалық модуль	БД 1.2.1.1	NOP5203.1	Жерасты кеңістігін игерудің ғылыми негіздемелері	2	1
		БД 1.2.1.2	MN 5203.2	Ғылыми зерттеудің тәсілдері және ғылыми әдістемелері	2	1
		БД 1.2.1.3	OIP 5203.3	Өндірісте зерттеулер жүргізу және экспериментті бақылау жүргізу	2	1
		БД 1.3.1.1	ONT5204.1	Құрылыс геотехнологиясының негізгі ғылыми-техникалық бағыттары	3	1
		БД 1.3.1.2	5204.2	Ашық кен жұмыстарын моделдеу және оңтайландыру	3	1
		БД 1.3.1.3	5204.3	Кен орнын жерасты тәсілімен игеру кезіндегі жаңа технологиялық шешімдер	3	1
2	Кәсіби дайындық модульі	ПД 2.2.2.1	SPP5302.1	Бұрғылау-жару жұмыстарының шарттарын және тиімділігін жоғарылату жолдары	2	2
		ПД 2.2.2.2	5302.2	Күрделі құрылымды кен орындарындағы ашық кен жұмыстарының ерекшеліктері	2	2
		ПД 2.2.2.3	5302.3	Геотехнологиялық тәсілмен игерудің физика-химиялық әдіс	2	2
		ПД 2.2.3.1	SKV5303.1	Жерасты ғимараттары құрылысындағы қазбаларды бекіту жүйелері	3	2
		ПД 2.2.3.2	5303.2	Карьерлердің техно-логиялық мониторингі	3	2
		ПД 2.2.3.3	5303.3	Күрделі жағдайдағы массивтің жағдай-күйін басқару	3	2
		ПД 2.2.4.1	ONS 5304.1	Жерасты нысандары құрылысының технологияларын жетілдірудің негізгі бағыттары	3	2
		ПД 2.2.4.2	5304.2	Кешенді кен орындарын ашық қазу мәселелері	3	2
		ПД 2.2.4.3	5304.3	Тау-кен өндірісін желдетудің арнайы сұрақтары	3	2
		ПД 2.2.5.1	TIP 5305.1	Қарапайым жарылғыш заттарды дайындау технологиясы	3	2
		ПД 2.2.5.2	5305.2	Ашық кен жұмыстарының жобалық шешімдерін негіздеу әдістері	3	2
		ПД 2.2.5.3	5305.3	Жерасты кеніштерін жобалаудың автомат-тандырылған жүйесі	3	2

NOP5203.1 Жерасты кеңістігін игерудің ғылыми негіздемелері – 2 кредит

Пререквизиттер: Жерасты ғимараттарының механикасы MPS22.12.5, Жерасты ғимараттарының конструкцияларын есептеу РКPS3220.5

Оқыту мақсаты: Тау-кен ісі саласының мамандарын дайындау, оларға өздігінен тәжірибелік жұмыстарды жасауға керекті ұғымдарды үйрету болып есептеледі. Жерасты кеңістігін тиімді пайдалану мәселелерін шешу, қалалық көлік инфрақұрылымының экологиялық және экономикалық мәселелерін шешу және оларды жерасты кеңістігіне орналастыру мәселелерін қарастыру.

Қысқаша мазмұны: Жерасты ғимараттарының жүйелерін дамытудың негізгі принциптері және олардың әр түрлі мақсаттағы көп функциялы кешендермен байланысы. Жерасты ғимараттарының инженерлі-геологиялық және геоэкологиялық ерекшеліктері. Қалалық жерасты кеңістігін көлік нысандарын орналастыруға пайдалану. Қалалық жерасты көлік инфрақұрылымының дамуына әсер ететін факторларды талдау және жүйелеу. Қалалық жерасты көлік инфрақұрылымының нұсқаларын жасау.

Күтілетін нәтиже: Жерасты ғимараттары жүйесінің негізгі принциптерін зерттеу. Қалалық жерасты кеңістігін басқа да көліктік және тұрмыстық мақсатқа пайдалануға жарамдылығын зерттеу. Жерасты кеңістігін пайдалану кезіндегі экономикалық және экологиялық талдаулар жүргізу және оларды бағамдау. Қалалық жерасты кеңістігін басқа да мақсатта пайдалану бойынша кешенді және жүйелі зерттеулер жүргізу.

Постреквизиттер: Жерасты нысандары құрылысының технологияларын жетілдірудің негізгі бағыттары ONS 5304.1

5203.2 Ғылыми зерттеудің тәсілдері және ғылыми әдістемелері – 2 кредит

Пререквизиттер: Кеңді және көмірлі карьерлерді жобалау PRKA 4309.1

Оқыту мақсаты: магистранттарға ғылыми зерттеудің тәсілдері және ғылыми әдістемелері негізгі принциптерін оқытып және стохастикалық, ойлау-математикалық, экономика-математикалық, математикалық және де басқа әдістер негізінде ғылыми зерттеулердің тәжірибелік біліктілігін шыңдау.

Қысқаша мазмұны: тау-кен ісінің негізгі принциптары, тау-кен ғылымы және жаңа шешімдерді іздеу, шығармашылық және ғылыми-техникалық жетістіктер, ғылымның байланысы, жұмыстардың тапсырмасы мен мақсаты. Тау-кен ісі пәндерінің сипаттамасы, тау-кен ғылымының жіктелуі, тау-кен ғылымдарының пәнаралық байланысы, тау-кен ғылымының құрылымы мен принциптері оқытылады, сонымен қатар қандайда бір деңгейге жету үшін есептеулердің шешімдеріне қажетті тұжырымдар, зерттеулердің сыныптауы, эксперименттердің негізгі кезеңдері, модельдеудің негізгі ұсыныстары, үйлесімдердің негізгі теориялары оқытылады. Эксперимент нәтижелерін жобалау және өңдеу.

Күтілетін нәтижелер: магистранттарға қазіргі заманауи ақпараттық технологияларды қолданып кенорнын өндіру барысында экономикалық, технологиялық, техникалық және тау-кен-геологиялық жағдайларын есепке алып ашық тау-кен жұмыстарының технологиялық параметрлерін оңтайландыру және модельдеуді машықтарын өз беттерімен жасауға дағдыландыру.

Постреквизиттер: Ашық кен жұмыстарының жобалық шешімдерін негіздеу әдістері 5305.2

5203.3 Өндірісте зерттеулер жүргізу және экспериментті бақылау жүргізу - 2 кредит

Пререквизиттер: Математика II Mat(2)1204, Физика II Fiz(2)1206

Оқыту мақсаты: Пәнді оқыту мақсатына ғылыми зерттеулер әдістемелерінің элементтерін магистранттардың игеруі және оларда тиімді творчестволық сананы, өз бетімен жұмыс істеу қабілетін дамыту жатады.

Қысқаша мазмұны: Ғылым және негізгі түсініктер. Ғылыми танымның әдістемелік негіздері. Кен ғылымдарының құрылымы. Ғылыми зерттеу бағытын таңдау. Ғылыми зерттеулерге қойылатын негізгі талаптар. Ғылыми зерттеу жұмысының кезеңдері. Ғылыми-техникалық ақпарат. Ғылыми ақпаратты іздестіру және жинақтау. Теориялық зерттеулер. Теориялық зерттеулердің әдістері. Эксперименттік зерттеулер. Эксперименттің классификациясы, түрлері және міндеттері. Эксперимент әдістемесі. Өлшеу әдістерін классификациялау. Эксперименттік зерттеулер нәтижелерін өңдеу. Ғылыми және техникалық жұмыстарда модельдеу.

Күтілетін нәтижелер: - ғылыми зерттеулер әдістері мен әдістемесін білу, қажетті ақпаратты таңдай және сараптай білу, мақсат пен міндеттерді құру, теориялық болжамдар жасау, экспериментті жоспарлау және жүргізу, өлшеу нәтижелерін өңдеу және бақылау қателіктерін бағалау, эксперимент нәтижелерін теориялық болжамдармен салыстыру және ғылыми зерттеу қорытындысын жасау, есеп жазу, ғылыми зерттеу нәтижелері негізінде мақала немесе баяндама жазу.

Постреквизиттер: Геотехнологиялық тәсілмен игерудің физика-химиялық әдісі 5302.3

ONT5204.1 Құрылыс геотехнологиясының негізгі ғылыми-техникалық бағыттары – 3 кредит

Пререквизиттер: Тау-кен кәсіпорындарының құрылысы SGP 3215, Жазық және көлбеу қазбалар құрылысының технологиясы PGNGV3221.5

Оқыту мақсаты: Бұл курс таужыныстары массивінің кернеулі-деформациялық, физико-механикалық қасиеттерін және олардың құрылымдық-механикалық ерекшеліктерін, жерасты

сілемдерінде қазба өту жұмыстарын жүргізудегі таужыныстары массивінің табиғи кернеулі-деформациялық күйінің бұзылуынан пайда болатын механикалық процесстерді зерттеуді, тау-кен қазбаларын салуға және оларды бекітуге әсер ететін таужыныстарынан болатын деформациялық қысымдарды есептеу жолдарын, таужынысы массиві мен бекітпенің өзара әрекеттесуінің механизмдерін оқып меңгеруді қарастырады.

Қысқаша мазмұны: Пәнде құрылыс геотехнологиясының жалпы әдістемелік сұрақтары қамтылған. Атап айтқанда, жерасты кеңістігін кешенді түрде тиімді пайдаланудың маңызды мәселелері; шаруашылық, әлеуметтік және экологиялық маңыздағы жерасты нысандары; ресурстарды тиімді пайдаланудың жаңа технологияларын қолданып және функционалды сапаны есере отырып, жерасты ғимараттары құрылыстарын жобалаудың әдістемелері оқытылады.

Күтілетін нәтиже: Пәнді оқып меңгеру нәтижесінде магистранттар - таужыныстары массиві мен бекітпелердің өзара әрекеттесуінің механизмдерін, таужыныстарының табиғи кернеулі-деформациялық күйінің бұзылуынан пайда болатын механикалық процесстерді зерттеуді, тау-кен қазбаларын салуға және оларды бекітуге әсер ететін таужыныстарынан болатын деформациялық қысымдарды есептеу жолдарын оқып біліп меңгерулері тиіс.

Постреквизиттер: Жерасты ғимараттары құрылысындағы қазбаларды бекіту жүйелері SKV5303.1

5204.2 Ашық кен жұмыстарын моделдеу және оңтайландыру – 3 кредит

Пререквизиттер: Пайдалы кенорындарын ашық әдіспен игеру ORMP13216.1, Кен және көмір карьерлерін жобалау PRKA4309.1

Оқыту мақсаты: математикалық, экономика-математикалық, логика-математикалық, стохастикалық және тағы басқа әдістердің негізінде ашық кен жұмыстарын моделдеу мен оңтайландырудың практикалық машықтарын үйрету, негізгі қағидаларымен таныстыру және тереңдетілген білім алуын қамтамасыз ету.

Қысқаша мазмұны: Карьерлерде өндірісті жобалау, жоспарлау мен басқаруды моделдеу мен оңтайландырудың мәні. Өндірістік жүйелердің қасиеттері және математикалық моделдердің түрлері. Математикалық моделдердің сапалық сипаттамалары. Оңтайландыру моделдері, олардың құрылымы. Оңтайландыру есебін шешудің кезеңдері. Оңтайлы шешімдерді іздеудің әдістері мен құралдары. Математикалық бағдарламалау есептерін шешу ерекшеліктері. Сызықтық бағдарламалау әдістері және сызықтық бағдарламалаудың негізгі есебін шешу. Симплекс-әдіспен оңтайлы шешімді іздеу стратегиясы. Тау-кен өндірісін жоспарлау мен басқару мәселелерінде сызықтық бағдарламалауды қолдану. Сызықтық бағдарламалаудың көліктік есебі. Тау-кен өндірісін жоспарлау мен басқарудың динамикалық оңтайландыру моделдері. инамикалық бағдарламалауды балама графтарды оңтайландыру кезінде пайдалану. Тораптық жоспарлау және бағдарламаларды іске асыруды басқару. Жалпы қызмет көрсету жүйелерінің аналитикалық моделдері.

Күтілетін нәтижелер: пәнді оқып үйрену нәтижесінде магистрант: математикалық әдістерді пайдаланып ашық кен жұмыстарындағы мәселелерді шешудің теориялық негіздері мен қағидаларын игеруі; тау-кен өндірісінде қолданылатын негізгі моделдеу тәсілдерімен танысуы; ашық кен жұмыстарын моделдеу мен оңтайландырудың ақпараттық-бағдарламалық кешендерін қолдану дағдыларын алуы қажет. Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолданып кенорындарын игерудің тау-кен геологиялық, техникалық, технологиялық және экономикалық жағдайларын ескеріп ашық кен жұмыстарының технологиялық параметрлерін моделдеу мен оңтайландыруды өзі жүргізе білуі керек.

Постреквизиттер: Тау-кен жұмыстары режимдерін оңтайландыру әдістері TSB5309.2

5204.3 Кен орнын жерасты тәсілімен игеру кезіндегі жаңа технологиялық шешімдер - 3 кредит

Перереквизиты: Пайдалы қазба кенорындарының жерасты қазу жүйелері SRPR4311.3

Оқыту мақсаты: Кен ісінің, әсіресе ерекше жағдайда (терең деңгейжиектегі) тазартыстық және даярлау жұмыстарын механикаландыратын жабдықтар қолданудың іс-тәжірибесі мен білімін игеру.

Қысқаша мазмұны: Кенді және бейкенді жерасты қазу технологиясы бойынша: «Кенді және бейкенді қазудағы жаңа технологиялық шешімдер» бөлімі магистранттардың ғылыми-зерттеу аясында өндірістің ұжымын кәсіби оқытуы басқаруда пайдаланылады.

Күтілетін нәтиже: Басты кен-технологиялық есептеулер жасауға, ашық және жерасты жұмыстарының технологиясын бүгінгі ақпараттық технология негізін моделдеу; кен технологиялық мәселені шешкенде заманауи ғылыми әдістерді пайдалануға машықтандыру.

Постреквизиты: Пайдалы қазба кен орындарын игерудегі шикізатүнемді технологиясы TSB5309.3

SPP5302.1 Бұрғылау-жару жұмыстарының шарттарын және тиімділігін жоғарылату жолдары – 2 кредит

Пререквизиттер: Жерасты кеңістігін игерудің ғылыми негіздемелері NOP5203.1

Оқыту мақсаты: жарылыс жұмыстарының даму тарихын және диалектикасын, жарылыс жұмыстарын орындау және өнеркәсіптік жарылғыш заттарды өндіру технологиясын жетілдіру

жолдарын, жару жұмыстары саласының жоғарғы мамандарын қауіпсіздік талаптарына сәйкес дайындау, олардың өздігінен тәжірибелік жұмыстарды жасауға керекті ұғымдарды үйрету.

Қысқаша мазмұны: Тау-кен саласында қолданылатын өнеркәсіптік жарылғыш заттардың қасиеттері және қолданылу орны; өнеркәсіптік жарылғыш заттардың негізгі қоспалары; жарылыс теориясы және жарылыс процесінің термодинамикасы; қарапайым жарылғыш заттарды өндіру әдістері, өндірістегі (ашық және жерасты әдістерімен кен өндірудегі) жару жұмыстарының технологиялары, арнайы жарылыс жұмыстары.

Күтілетін нәтиже: Пәнді оқыған болашақ мамандар - жарылғыш заттармен жұмыс жасаудың негізгі талаптары мен тәртіптерін, ЖЗ-дың қасиеттерін зерттеуді және оларды нақтылы шарттарға байланысты таңдауды; өнеркәсіптік жарылғыш заттардың құрамын дұрыс жобалауды; жарылыстың негізгі жарылыстық параметрлерін анықтауды; қолдануға жарамсыз жарылғыш заттарды дұрыс жою әдістері сияқты мәліметтерді меңгерулері тиіс.

Постреквизиттер: Қарапайым жарылғыш заттарды дайындау технологиясы ТІР 5305.1

5302.2 Күрделі құрылымды кен орындарындағы ашық кен жұмыстарының ерекшеліктері – 2 кредит

Пререквизиттер: Ғылыми зерттеудің тәсілдері және ғылыми әдістемелері MN5203.2

Пәнді оқыту мақсаты: Түсті металдар күрделі құрылымды кен орындардың сипаттамасы, олардың сыныптамасы.

Қысқаша мазмұны: Қойылатын талаптар және талғамды қазудың негізгі ерекшеліктері. Игеру блоктарының контактілері бойынша сипаттамалары, геология-морфологиялық құрылымының күрделілік коэффициенті және минималды құнарсыздануды есептеу. Эксплуатациялық барлаудың және аттыру ұңғылар желісі.

Күтілетін нәтижелер: Күрделі құрылымды кен орындарды қазу технологиялары. Горизонттарды дайындау нұсқаларын таңдау. Өндіру жұмыстарының параметрлерін негіздеу. Руданы және бос жыныстарды жекелеп аттыруда ұңғыларды орналастыру схемалары. Кен тасымалдау және қазу жабдықтарының өнімділігі. Тиімді сұлбалар. Өндіру кемерінің биіктігі. Кенді біркелкілеу. Жоғалымдар және құнарсыздану. Негізгі түрлері және оларды анықтау принциптері. Жоғалымдар және құнарсыздануды нұсқалау. Горизонталды, еңкіш және күртқұ лама сілемдерді қазудағы жоғалымдар және құнарсыздануды нұсқалау.

Постреквизиттері: Карьерлерде аттыру жұмыстарын автоматтандырылған жобалау 5308.2

5302.3 Геотехнологиялық тәсілмен игерудің физика-химиялық әдісі - 2 кредит

Пререквизиттері: Кен орнын жерасты тәсілімен игеру кезіндегі жаңа технологиялық шешімдер 5204.3

Оқыту мақсаты: Физико-химиялық геотехнология зерттейтін негізгі салаларын: тұздарды еріту, металлдарды сілтілеу, газификация, күкіртті қорыту, пайдалы қазбаларды ұңғымалық әдіспен игерудің процесстерін зерделеу.

Қысқаша мазмұны: Пайдалы қазбаларды геотехнологиялық әдіспен игеру: тұзды, күкіртті жер астында еріту, көмірді газификациялау, газды және мұнайды ұңғымалық әдіспен игеру, жерасты сілтілеу тәсілі. Сызықтық фильтрациялау кезінде кеуекті ортада жерастылық гидродинамика. Сұйықтықтың ламинарлы және турбулентті ағысы. Қышқылдың меншікті шығынын анықтау. Жерастында қышқылдың ағуы. Фильтрациялау коэффициентін анықтау. Сұйықтың қаттыға қатынасын анықтау тәсілі. Геотехнологияның физико-геологиялық және физико-химиялық негіздері. Геотехнологиялық үрдістерді модельдеу.

Күтілетін нәтижелер: Игерілетін пайдалы қазбаларды немесе олардың бір бөлігін бастапқы орналасқан жерлерінде сұйық күйге айналдыру мүмкіндігін және осы үрдіске әсер ететін кеннің айналасындағы физико-химиялық жағдайды анықтау. Пайдалы қазбалар мен бос тау жыныстарының физикалық және химиялық өзгеруін игеру. Геотехнологиялық процесстерді үйрену.

Постреквизиттері: Уран кен орындарын жаңа бағытта жобалау және игеру 5306.3

SKV5303.1 Жерасты ғимараттары құрылысындағы қазбаларды бекіту жүйелері – 3 кредит

Пререквизиттер: Құрылыс геотехнологиясының негізгі ғылыми-техникалық бағыттары ONT5204.1

Оқыту мақсаты: білім алушыларға жерасты ғимараттарының конструкцияларын жобалауды, бекітпелерді есептеу мен оларды орнатудың әдістерін зерттеуді тереңдете үйрету болып табылады.

Қысқаша мазмұны: тау-кен қазбаларын салуға және оларды бекітуге әсер ететін таужыныстарынан болатын қысымдарды есептеу жолдарын, таужынысы массиві мен бекітпенің өзара әрекеттесу механизмдерін зерттеу; тік оқпандардың бекітпелерін есептеу, бүрікпелетон, анкер, бетон және темірбетон, монолитті және құрастырмалы-монолитті конструкцияларды есептеу, тубингті, блокты, жақтаулы және панельді конструкцияларды есептеу жолдары, бекітпелердің жіктелімдері, оларға қойылатын талаптар және таңдау жолдары қарастырылып оқытылады.

Күтілетін нәтижелер: Пәнді оқып меңгеру нәтижесінде магистранттар - жерасты ғимараттары мен қазбалары құрылысындағы шахталармен тоннелдерді, әртүрлі мақсаттағы камераларды бекітуде қолданылатын бекітпелер түрлерін таңдауды және қабылдап негіздеуді, бекітпеге қойылатын талаптарды, жерасты ғимараттарының қаптамаларын, бекітпе мен қаптамаларға түсетін жүктемелерді есептеу жолдарын, бекітпе орнатудағы қолданылатын жана машиналар мен жабдықтардың түрлерін, қазіргі заманғы бекітпелеу жұмыстарын зерттеудің инновациялық технологияларын оқып меңгерулері тиіс.

Постреквизиттер: **Жерасты ғимараттары құрылысын жобалаудың әдістемесі MPSPS5306.1**

5303.2 Карьерлердің технологиялық мониторингі – 3 кредит

Пререквизиттер: Ғылыми зерттеудің тәсілдері және ғылыми әдістемелері MN 5203.2

Оқыту мақсаты: Магистранттардың пайдалы қазбаны алуды ашық әдіспен игеруді жүзеге асыратын тау-кен кәсіпорнын мониторингілеуді оқытудың негіздерін үйренуі, мониторингті оқытудың заңдық негізімен, Қазақстан Республикасының экономикасының стратегиялық салаларындағы жекеленген серіктестіктерді басқарудың тиімділігін анализдеудің методикасымен таныстыру.

Қысқаша мазмұны: Карьерлердің технологиялық мониторингі туралы қысқаша мәліметтер. Экономика салаларындағы мемлекеттік жекеменшік мониторинг туралы жалпы ережелер. Сонымен қатар, мемлекеттік органдардың компетенциясы және мемлекеттік мониторингі жүргізуді ұйымдастыру сұрақтары қарастырылады.

Күтілетін нәтижелер: Бұл пәнді үйрену өкіметтің, орталық және жергілікті атқарушы органдардың жалпы республика бойынша, аудандардың разрездері бойынша да объектілерді басқару қалыптары мен әдістерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге әкелуі мүмкін себептер мен шарттарды ескерту бойынша тәжірибелік жұмысты студенттердің атқаруына, сонымен қатар мониторинг бойынша электрондық ақпараттар базасының қалыптасуына және жүргізілуіне мүмкіндік береді. Курс бір семестрге есептелген және емтиханмен аяқталынады.

Постреквизиттер: **Карьерлерді жобалау әдістемелері 5306.2**

5304.1 Күрделі жағдайдағы массивтің жағдай-күйін басқару- 3 кредит

Перереквизиты: Кен орнын жерасты тәсілімен игеру кезіндегі жаңа технологиялық шешімдер 5204.3

Оқыту мақсаты: Пәнді оқыту мақсаты кентіректердің тұрақты өлшемін, камераның енін, барьерлік және қабаттық кентіректерді анықтаудың әдістерін есептеуді үйрену. Кенорныны жайпақ, көлбеу және күртқұлама жатқанда камераның енін, кентіректің тұрақтылығының негізін есептеуді үйрену.

Қысқаша мазмұны: Кен орнының тау-кен геологиялық жағдайы. Тау-кен қысымын есептеудің негізгі болжамы. Кентіректердің жаппай бұзылуының себептері. Сақтандыру жастықшалары. Қысым концентрациясы. Әрт.рлі тау-кен-геологиялық және тау-кен техникалық жағдайларда кернеудің шоғырлануын есептеу. Жайпақ, көлбеу және күртқұлама жатқан кен сілемдерінде камераның енін және кентіректердің тұрақты өлшемін есептеу.

Күтілетін нәтижелер: тау қысымын есептеудің негізгі гипотездерін білу. Кентіректердің блоктық бұзылуының себептері. Сақтандыру жастықшаларын тағайындау. Қазбалар арқылы өтетін қабаттық кентіректер және діңгекті кентіректер негізінде кернеудің концентрациясын есептеуді үйрену. Жайпақ, көлбеу және күртқұлама жатқан кен сілемдерінде камераның енін және кентіректердің тұрақты өлшемін есептеу.

Постреквизиттер: **Карьерлерді жобалау әдістемелері 5306.2**

ONS5304.1 Жерасты нысандары құрылысының технологияларын жетілдірудің негізгі бағыттары – 3 кредит

Пререквизиттер: Жерасты кеңістігін игерудің ғылыми негіздемелері NOP5203.1

Оқыту мақсаты: Курсты оқытудың негізгі мақсаты болып, әртүрлі функционалды мақсаттардағы нысандарды жерасты кеңістігіне кешенді түрде орналастырып салуды ғылыми түрде негіздеу және тәжірибелік жолдармен үйрету.

Қысқаша мазмұны: Жерасты ғимараттары жүйелерін дамытудың принциптік негіздері; Әртүрлі мақсаттарда салынатын көпфункционалы жерасты ғимараттары; жерасты ғимараттарын салудағы инженерлік-геологиялық және геоэкологиялық ізденістер; Жерасты ғимараттарын салудың ашық түрдегі әдістері; Аз тереңдіктегі қалалық жерасты ғимараттарын салудың жабық түрдегі жерасты әдістері; жерасты ғимараттары нысандарын жерасты суларынан қорғау; Жерасты нысандары құрылысындағы және эксплуатациялау кезіндегі мониторингтер және геофизикалық зерттеулер.

Күтілетін нәтижелер: Пәнді оқып меңгеру нәтижесінде магистранттар – әртүрлі мақсаттарда салынатын жерасты нысандары құрылысындағы конструкциялардың ерекшеліктерін; оларды салу тәжірибелерін; Жерасты нысандары салудағы және эксплуатациялау кезіндегі мониторингтерді және геофизикалық зерттеулерді; жерасты кеңістігін кешенді пайдаланудың экологиялық мәселелерін меңгерулері тиіс.

Постреквизиттер: Магистерлік диссертацияларды дайындау және қорғау

5304.2 Кешенді кен орындарын ашық қазу мәселелері – 3 кредит

Пререквизиттер: Ашық кен жұмыстарын моделдеу және оңтайландыру 5204.2

Оқыту мақсаты – магистранттарға кешенді кен орындарын ашық қазу мәселелерін қарастырып оқыту.

Қысқаша мазмұны: Кіріспе. Техникалық, технологиялық және экономикалық шешімдерін қосымша кездескен кендерді игеріп және қайта өндеуге рыночный экономикалық көзқараспен қарастыру.

Күтілетін нәтижелер: Рудалы кен орындарды қазып алу арнайы түрде жүргізілмейді және өндірісті тиімді нарықтық үнемдеу тәсілін жүргізілмейді. Жобалау барысында әлі уақытқа дейін техникалық, технологиялық және экономикалық шешімдерін қосымша кездескен кендерді игеріп және қайта өндеуге алдымен кәсіпорындар мен тау-кен қайтабайыту орындары үлкен қателік пен қосмша кендерді игермен пайдасыз қалдырып кетуде.

Постреквизиттер: 5308 Келешекті кенорындарын ашық әдіспен қазуды моделдеу 5307.2

5304.3 Тау-кен өндірісін желдетудің арнайы сұрақтары - 3 кредит

Пререквизиттері: Өндірісте зерттеулер жүргізу және экспериментті бақылау жүргізу OIP5203.3

Оқыту мақсаты: магистранттарға Жерасты тәсілімен игерілетін пайдалы қазба кенорындарында жерасты қазбаларының аэрологиясы негізінде қажетті білім жинақтау.

Қысқаша мазмұны: Жерасты қазбаларында кеніштік шаңдардан және CH_4 , CO , H_2S улы газдардың және т.б. жинақталуынан сақтану шаралары, құрғақ және ылғал катотермометрлерге жайлы жағдай орнату. Кеніш ауасын желдету және оны іске асыру. Тау-кен қазбаларындағы температураны, ылғалдылықты, ауа ағыны жүрісінің жылдамдығын, әртүрлі газдар шоғырының қысымын өлшеуге арналған аспаптарды қолдануды оқып, үйрену.

Күтілетін нәтижелер: Осы пәнді оқу нәтижесінде магистрант жерасты тау-кен қазбаларындағы аэрология негізін: кислородтардың шоғырын, көмірқышқыл газын, көмір тотығын, көмірсутегін және басқа да улы газдарды және жарылыс тудыратын газдарды өлшейтін аспаптарды толықтай білуі қажет. Кеніштік шаңмен күресу тәсілдері.

Постреквизиттері: Магистерлік диссертацияларды рәсімдеу және қорғау

TIP5305.1 Қарапайым жарылғыш заттарды дайындау технологиясы – 3 кредит

Пререквизиттер: : Жерасты кеңістігін игерудің ғылыми негіздемелері NOP5203.1

Оқыту мақсаты: Қарапайым жарылғыш заттарды (ЖЗ) дайындау технологиясын тікелей тау-кен өндіріс орындарында жасауды және ЖЗ дайындау технологияларына байланысты ЖЗ қасиеттерін зерттеп білуді үйрету.

Қысқаша мазмұны: Қарапайым жарылғыш заттарды (ЖЗ) жіктемелері; Қарапайым ЖЗ-тың негізгі компонентіне жататын Аммиактық селитраның құрамдары. Қазіргі заманғы қолданыстағы жетілдірілген түйіршіктелген аммиактық селитра қоспалары. Жару жұмыстары жүргізілетін аймақта қарапайым ЖЗ-тарды дайындау және дайындау кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Олардың негізгі техникалық және технологиялық құжаттары. Технологиялық регламенттер. Сулықұрамдағы ЖЗ дайындау технологиясы, оларды тау-кен өнеркәсіптерінде қолданудың ерекшеліктері және техника қауіпсіздіктері.

Күтілетін нәтижелер: Пәнді оқып меңгеру нәтижесінде магистранттар - Қазіргі заманғы қолданыстағы қарапайым ЖЗ-тың негізгі компонентіне жататын түйіршіктелген аммиактық селитраның құрамдарын, жару жұмыстары жүргізілетін аймақта қарапайым ЖЗ-тарды дайындауды, қарапайым ЖЗ-тарды дайындау кезіндегі қауіпсіздік шараларын, олардың негізгі техникалық және технологиялық құжаттарын, технологиялық регламенттерін меңгеріп үйренеді.

Постреквизиттер: Ғылыми-зерттеу жұмыстары. Магистерлік диссертацияны дайындау және қорғау

5305.2 Ашық кен жұмыстарының жобалық шешімдерін негіздеу әдістері – 3 кредит

Пререквизиттер: Ашық кен жұмыстарын моделдеу және оңтайландыру 5204.2

Оқыту мақсаты: магистранттарды математикалық (сызықты, сызықсыз және динамикалық) бағдарламалауды пайдаланумен үлкен тереңдікке дейін жүршізілетін кен жұмыстарының инновациялық технологияларын жүзеге асырудың жаңа әдістері негізінде үйрету.

Қысқаша мазмұны: Пайдалы қазынды кенорындарын үлкен тереңдікке дейін кезеңдеп қазудың мәні. Көлбеу, күртқұлама және мультотерізді кенорындарын нәтижелі қазудың инновациялық технологияларының негіздері. Қазу кезеңдерінің контурларын оңтайландыру кезіндегі бағдарламалауды пайдалану. Біріктірілген кен-геологиялық жүйелерді пайдаланумен оңтайландыру әдістері. Кенорынды кезеңдеп қазуды, карьер өнімділігін және кешенді механикаландыру құрылымдарын техникалық-экономикалық негіздеу.

Күтілетін нәтижелер: Пәнді оқыту нәтижесінде магистрант карьерлерді жобалаудың теориясы

мен тәжірибесінің жаңа жетістіктері негізінде үлкен тереңдікке дейін қазылатын, қорлары мол пайдалы қазынды кенорындарын ашық қазудың нәтижелі әдістерімен, заманауи техникалық және технологиялық шешімдерімен танысып, қазу кезеңдерінің контурларын жедел құрастыру дағдыларын үйренеді. Күрделі құрылымды кенорындарындағы оңтайландыру әдістерінде сызықсыз бағдарламалау әдістерін пайдалану мәселелеріне жататын бағалаудың бірнеше белгілерін таңдауға қажет. Сонымен қатар игеру кезеңінің жылдарындағы карьер өнімділігін негіздеу кезінде және кешенді механикаландыру құрылымдарын таңдау кезінде белгісіз айнымаларын тек динамикалық бағдарламалау әдісі арқылы есептеуге болатын математикалық модельдер алынады.

Постреквизиттер: Магистерлік диссертацияларды дайындау және қорғау

5305.3 Жерасты кеніштерін жобалаудың автоматтандырылған жүйесі - 3 кредит

Перереквизиттер: Кен орнын жерасты тәсілімен игеру кезіндегі жаңа технологиялық шешімдер 5204.3

Оқыту мақсаты: пәннің мақсаты кенорынды жобалауды автоматтандырудың сондай ақ жерасты тау-кен жұмыстарының процестерінің жалпы әдістерін оқыту. Жерасты тау-кен жұмыстарын жобалауды автоматтандырудың жекелеген процестерінің негіздерін оқыту.

Қысқаша мазмұны: Кенорындардың тау-кен геологиялық жағдайлары. Жерасты тау-кен жұмыстарының негізгі процестері және оларды автоматтандыруды есептеудің әдістері. Жерасты көмекші процестерді және оларды автоматтандыруды есептеудің әдістері. Байқоңыровтың әдістемесін пайдалана отырып қазу жүйесін автоматтандыруды есептеу.

Күтілетін нәтижелер: Excel-де есептеу әдістемесінің негізін білу. Газартпа жұмыстарын есептеуді автоматтандыру. Скреперлік жеткізу есептерін автоматтандыру. Жерасты кеніштерінде желдетуді есептеуді автоматтандыру. Тау-кен массасын тасымалдауды есептеуді автоматтандыру. Академик О.А.Байқоңыровтың әдістемесін қолдана отырып қандайда бір жүйені есептеуді автоматтандыру.

Постреквизиттер: Ғылыми-зерттеу жұмыстары. Магистерлік диссертацияларды дайындау және қорғау

Курс: 2

№	Модульдің атауы	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Семестр
	Тау-кен жұмыстарын жобалау және модельдеу модулі	ПД 2.2.6.1	MPSPS 5306.1	Жерасты ғимараттары құрылысын жобалаудың әдістемелері	3	3
		ПД 2.2.6.2	5306.2	Карьерлерді жобалау әдістемелері	3	3
		ПД 2.2.6.3	5306.3	Уран кен орындарын жаңа бағытта жобалау және игеру	3	3
		ПД 2.2.7.1	MPP 5307.1	Жерасты құрылысындағы физикалық процесстерді моделдеу	3	3
		ПД 2.2.7.2	5307.2	Келешекті кенорындарын ашық әдіспен қазуды моделдеу	3	3
		ПД 2.2.7.3	5307.3	Пайдалы қазбаларды жерасты игеру үрдісі параметрлерін оңтайландыру	3	3
		ПД 2.2.8.1	ESB 5308.1	Жарылыс жұмыстарының экологиялық қауіпсіздігі	3	3
		ПД 2.2.8.2	5308.2	Карьерлерде аттыру жұмыстарын автоматтандырылған жобалау	3	3
		ПД 2.2.8.3	5308.3	Күрделі шарттардағы кен денелерін игерудің арнайы жерасты тәсілдер	3	3
		ПД 2.2.9.1	TSB 5309.1	Қимасы үлкен қазбалар құрылысының технологиясы	3	3
		ПД 2.2.9.2	TSB 5309.2	Тау-кен жұмыстары режимдерін оңтайландыру әдістері	3	3
		ПД 2.2.9.3	TSB 5309.3	Пайдалы қазба кен орындарын игерудегі шикізатүнемді технологиясы	3	3

MPSPS 5306.1 Жерасты ғимараттары құрылысын жобалаудың әдістемелері - 3 кредит

Пререквизиттер: Жерасты кеңістігін игерудің ғылыми негіздемелері NOP5203.1, Құрылыс геотехнологиясының негізгі ғылыми-техникалық бағыттары ONT5204.1

Оқыту мақсаты: Тау-кен ісі саласының мамандарын дайындау, оларға өздігінен тәжірибелік жұмыстарды жасауға керекті ұғымдарды үйрету болып есептеледі. Жерасты ғимараттары құрылысын жобалаудың әдістемесінің ғылыми және практикалық негізін игеру.

Қысқаша мазмұны: Жерасты ғимараттары құрылысын жобалауды ұйымдастыру. Жерасты ғимараттары құрылысы кезіндегі ғылыми зерттеулер. Инженерлік жобалаудың әдістері. Жерасты ғимараттары құрылысын жобалаудың кезеңдері. Жобалық есептерді шешу әдістері. Жерасты ғимараттары құрылысын жобалаудың техникалық және экономикалық мәселелері.

Күтілетін нәтиже: Жерасты ғимараттары құрылысы кезіндегі ғылыми зерттеулер. Жерасты нысандары құрылысының дайындық кезеңін жобалау. Тік оқпан құрылысын жобалау. Оқпан албарының ғимараттарын жобалау. Жазық және көлбеу жерасты ғимараттарын жобалау. Көлденең қимасы үлкен құрылыс нысандарын жобалау.

Постреквизиттер: Ғылыми-зерттеу жұмыстары. Магистерлік диссертацияны дайындау және қорғау

5306.2 Карьерлерді жобалау әдістемелері - 3 кредит

Пререквизиттері: Ғылыми зерттеудің тәсілдері және ғылыми әдістемелері MN 5203.2

Оқыту мақсаты – магистранттың карьерлерді жобалау бойынша тереңдетілген теориялық білім алуын, қатты пайдалы қазбалар кенорындарын қазу жағдайларының ерекшеліктеріне байланысты технологиялық шешімдер қабылдаудың есептік әдістерін игеруін қамтамасыз ету.

Қысқаша мазмұны: Карьерлерді жобалау процесін ұйымдастыру. Жобалық шешімдерді негіздеу. Карьерлерді жобалау әдістері. Жобаның экономикалық негіздері. Жобалық шешімдерді бағалаудың алдыңғы қатарлы әдістері. Карьер алаңдарын тау-кен геометриялық талдау. Кенорыны қазудың күнтізбелік графигі. Тау-кен геометриялық талдау графиктері аршу және өндіру жұмыстарының күнтізбелік графиктеріне түрлендіру. Кен жұмыстары режимін реттеу. Карьер өнімділігін жобалау. Карьердегі кен жұмыстарын кешенді механикаландыруды жобалау. Карьер алаңын ашуды жобалау. Кенорын қазу жүйесін жобалау.

Күтілетін нәтижелер: Пәнді оқып үйрену нәтижесінде магистрант білуі керек: әртүрлі тау-кен геологиялық және табиғи жағдайларда орналасқан кенорындарын игеру кезінде ашық кен жұмыстарының теориялық негіздерін және оларды жобалау әдістерін; тау-кен кәсіпорындарын кезеңдеп динамикалық жобалау негіздерін; уақыт факторын ескере отырып, жобалық шешімдерді экономикалық бағалаудың алдыңғы қатарлы әдістерін. Магистрант өздігінен карьердің басты параметрлерін, жер қойнуын тиімді пайдалануды, қоршаған ортаны қорғауды және қауіпсіздік техникасы талаптарының сақталуын ескере отырып, технологиялық кешендердің көрсеткіштерінің есетпеулерін жүргізе білуі керек.

Постреквизиттері: Ғылыми-зерттеу жұмыстары. Магистерлік диссертацияны дайындау және қорғау

5306.3 Уран кен орындарын жаңа бағытта жобалау және игеру - 3 кредит

Пререквизиттері: Геотехнологиялық тәсілмен игерудің физика-химиялық әдісі 5302.3

Оқыту мақсаты: болашақ маманды пайдалы қазбаларды өндіру және жобалауға арналған Қазақстан Республикасының заңдарының өзгерістерін бақылап отыруды, өндіру және жобалаудағы жаңа бағдарламаларды және технологияларды қолдануды үйрету.

Қысқаша мазмұны: «Жер қойнауы және жер қойнауын игеру» заңы, пайдалы қазбаларды игеру және жобалау ережелері, пайдалы қазбаларды игерудің жаңа бағыттары.

Күтілетін нәтижелер: мамандар пайдалы қазбаларды өндіру және жобалауға арналған Қазақстан Республикасының заңдарының біліп, оларды қолдануды үйрену, жаңа жобалау бағдарламаларын және жаңа технологияларды игеру.

Постреквизиттер: Ғылыми-зерттеу жұмыстары. Магистерлік диссертацияны дайындау және қорғау

MPP 5307.1 Жерасты құрылысындағы физикалық процесстерді моделдеу - 3 кредит

Пререквизиттер: Жерасты кеңістігін игерудің ғылыми негіздемелері NOP5203.1

Оқыту мақсаты: Тау-кен-өндірісіндегі мәселелердің жіктемелері, оларды шешу жолында жаңа ақпараттық жүйелерді қолдану; Жерасты ғимараттары құрылысын жобалаудың есептік жүелерін шешуде ақпараттық жүйелерді (IT технологиялық бағдарламаларды) қолдану әдістерін үйрету.

Қысқаша мазмұны: Тау-кен ұңғылау жұмыстарындағы технологиялық процесстерді орындауда және құрылыс жұмыстарын ұйымадастыру жоспарларын жасауда IT технологиялық бағдарламаларды қолдану; жерасты құрылыстарын салуда математикалық моделдеу әдістерін қолдану; математикалық имитациялық әдістер; Ықтималдық теориялар жөніндегі мәліметтер; соңғы элементтер әдісі және оның қолдану әдістерін кеңейту; статистикалық экспериментальдық мәндерді және графикалық тәуелділіктерді тұрғызу әдістері; Моделдеуді сараптау.

Күтілетін нәтиже: Пәнді оқып меңгеру нәтижесінде магистранттар - жерасты құрылыстарын салуда математикалық моделдеу әдістерін қолдануды, математикалық имитациялық әдістер мен ықтималдылық теорияларды, статистикалық экспериментальдық мәндерді және графикалық тәуелділіктерді тұрғызу әдістерін үйренулері тиіс.

Постреквизиттер: Ғылыми-зерттеу жұмыстары. Магистерлік диссертацияны дайындау және қорғау

5307.2 Келешекті кенорындарын ашық әдіспен қазуды моделдеу- 3 кредит

Пререквизиттер: Ашық кен жұмыстарын моделдеу және оңтайландыру 5204.2

Оқыту мақсаты: математикалық, экономика-математикалық, логика-математикалық, стохастикалық және тағы басқа әдістердің негізінде келешекті кенорындарын ашық әдіспен қазуды моделдеудің практикалық машықтарын үйрету, негізгі қағидаларымен таныстыру және тереңдетілген білім алуын қамтамасыз ету.

Қысқаша мазмұны: Келешекті кенорындарын ашық әдіспен қазуды моделдеудің мәні. Келешекті кенорындарын ашық әдіспен қазудың оңтайландыру моделдері, олардың құрылымы. Оңтайландыру есебін шешудің кезеңдері. Оңтайлы шешімдерді іздеудің әдістері мен құралдары. Математикалық бағдарламалау есептерін шешу ерекшеліктері. Тау-кен өндірісін жоспарлау мен басқарудың динамикалық оңтайландыру моделдері. Динамикалық бағдарламалауды балама графтарды оңтайландыру кезінде пайдалану. Тораптық жоспарлау және бағдарламаларды іске асыруды басқару. Келешекті кенорындарын ашық әдіспен қазудың өндірістік процестерін статистикалық моделдеу.

Күтілетін нәтижелер: пәнді оқып үйрену нәтижесінде магистрант: математикалық әдістерді пайдаланып келешекті кенорындарын ашық әдіспен қазудың мәселелерін шешудің теориялық негіздері мен қағидаларын игеруі; келешекті кенорындарын ашық әдіспен қазудың негізгі моделдеу тәсілдерімен танысуы; келешекті кенорындарын ашық әдіспен қазудың моделдеудің ақпараттық-бағдарламалық кешендерін қолдану дағдыларын алуы қажет. Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолданып кенорындарын игерудің тау-кен геологиялық, техникалық, технологиялық және экономикалық жағдайларын ескеріп келешекті кенорындарын ашық әдіспен қазуды моделдеуді өзі жүргізе білуі керек.

Постреквизиттер: Ғылыми-зерттеу жұмыстары. Магистерлік диссертацияны дайындау және қорғау

5307.3 Пайдалы қазбаларды жерасты игеру үрдісі параметрлерін оңтайландыру - 3 кредит

Пререквизиттері: Кен орнын жерасты тәсілімен игеру кезіндегі жаңа технологиялық шешімдер 5204.3

Оқыту мақсаты: Пайдалы қазбаларды жер асты әдісімен игеру үрдістерін оңтайландыру жолдарын игеру. Экономико-математикалық модельдеу. Жер бетіне көтеру мен жер асты тасымалдау үрдістерін, кен сапасы мен тау қысымын басқару үрдістерін оңтайландыруды игеру.

Қысқаша мазмұны: Технология параметрлерін оңтайландыру әдістері. Бұрғылау параметрлерін, ұңғымалар мен теспелерді бұрғылау тәсілдерін, оқтау мен жару, тау қысымын басқару параметрлерін оңтайландыру. Экономико-математикалық модель.

Тазартпа жұмыстарын механикаландыру және ұйымадастыру параметрлерін оңтайландыру әдістері. Өндірістік үрдістерді жобалау әдістері.

Күтілетін нәтижелер: Әдістемені, экономико-математикалық модельді, тазартпа жұмыстарының үрдістерін оңтайландыру әдістерін игеру, үрдістерді жобалау әдістерін меңгеру. Пәнде қарастырылған барлық сұрақтарды шешуге жаңа ғылыми-техникалық шараларды пайдалану. Тау қысымын басқаруға арналған әдестемелерді меңгеру.

Постреквизиттер: Ғылыми-зерттеу жұмыстары. Магистерлік диссертацияны дайындау және қорғау

ESB 5308.1 Жарылыс жұмыстарының экологиялық қауіпсіздігі - 3 кредит

Пререквизиттер: Бұрғылау-жару жұмыстарының шарттарын және тиімділігін жоғарылату жолдары SPP5302.1

Оқыту мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты - жарылыс жұмыстарының қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсерлерін төмендету шараларын оқыту болып табылады.

Қысқаша мазмұны: Тау-кен саласындағы орындалатын жарылыс жұмыстарының сапалы орындалуын бақылау; жарылыс жұмыстарының қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсерлерін төмендету шаралары; шаңмен араласқан газды қоспаларды зерттеу; жарылыс жұмыстарын ұйымдастыруды жетілдіру; ЖЗ-дың құрамының жарылыс сапасына әсері; қауіпсіз ЖЗ жасау технологиясы; Жарылыс жұмыстарын жүргізетін мамандар; Жарылыс жұмыстарын жүргізудегі жарылыс параметрлерінің қоршаған ортаға тигізетін мониторингі.

Күтілетін нәтиже: Пәнді оқып меңгеру нәтижесінде магистранттар - жарылыс жұмыстарының қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсерлерін төмендету шараларын меңгерулері тиіс.

Постреквизиттер: Ғылыми-зерттеу жұмыстары. Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау

5308.2 Карьерлерде аттыру жұмыстарын автоматтандырылған жобалау – 3 кредит

Пререквизиттер: Ашық кен жұмыстарын моделдеу және оңтайландыру 5204.2

Оқыту мақсаты: карьерлерде аттыру жұмыстарын автоматтандырылған жобалау және заманауи ақпараттық технологияларды қолданып оқтамалардың орналасу параметрлері мен аттырылған жыныстардың технологиялық сипаттамаларын оңтайлы жобалау бойынша терең білім беру.

Қысқаша мазмұны: аттыру жұмыстарының жобалық құжаттамасының құрамы мен мазмұны; аттыру жұмыстары өндірісінің тау-кен техникалық шарттары; жыныстардың негізгі қасиеттері және жыныстар массивінің атылғыштығы; жыныстар массивін аттырып қопару теориясы; массивте оқтамалардың орналасу параметрлерін жобалау; заманауи ақпараттық технологияларды қолданып жаппай аттыру нәтижелерін автоматтандырылған жобалау.

Күтілетін нәтижелер: пәнді оқып үйрену нәтижесінде магистрант тау жыныстарының қасиеттеріне және оларды қазу шарттарына сәйкес тау жыныстарын аттыру арқылы динамикалық қопару механизмін дұрыс таңдауы; бұрғылап-аттыру жұмыстарын жүргізу технологиясы мен режимдерін таңдауы; бұрғылап-аттыру жұмыстарының технологиялық параметрлері анықтауы; бұрғылап-аттыру жұмыстарын жүргізу үшін техникалық құжаттамалар жасауы; аттырылған тау-кен қазындысының үйіндісінің қалыптасу процесін білуі; аттырылған тау-кен қазындысының технологиялық сипаттамаларының қалыптасу заңдылықтарын анықтауы; аттырылған тау жыныстарының кесектілігі мен оның үйіндіде таралуын анықтауы; аттыру жұмыстары технологиясының аттырылған тау-кен қазындысының үйіндісінің параметрлеріне әсерін анықтауы; оқтамалардың кемерде орналасу параметрлерін, аттырылған жыныстардың гранулометрлік құрамын, үйіндіде кесектердің кесектігі бойынша таралуын оңтайлы жобалауы; заманауи ақпараттық технологияларды қолданып аттыру жұмыстарының технологиялық параметрлерін оңтайландыру.

Постреквизиттер: Ғылыми-зерттеу жұмыстары. Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау

5308.3 Күрделі шарттардағы кен денелерін игерудің арнайы жерасты тәсілдері- 3 кредит

Пререквизиттері: Күрделі жағдайдағы массивтің жағдай-күйін басқару 5303.3, Жерасты кеніштерін жобалаудың автоматтандырылған жүйесі 5305.3

Оқыту мақсаты: болашақ кен инженері мамандарын жерасты және жер бетілік кен жұмыстарында әр түрлі кен-геологиялық және кентехникалық және қиын, тар жағдайларда аттыру жұмыстарының арнайы әдіс, тәсілдерін кеңінен қолдануға, сонымен бірге жерасты тау-кен жұмыстарында апатты жою жоспарларын жасауға үйрету

Қысқаша мазмұны: Аталған пән білім алушыларды қиын, күрделі жағдайда орналасқан, әртүрлі структуралы кендерді игеру кезіндегі тура дұрыс шешім қабылдаудың жолдарын табуды үйретеді.

Күтілетін нәтижелер: Пәнді игеру соңында магистранттар немесе білім алушылар күрделі геологиялық кен денелерін ашу және даярлау, тазартыс жұмыстарын жүргізудегі, сонымен қатар жарылыс жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары мен тиімді және өнімділікті арттыруды игеріп шығады.

Постреквизиттер: Ғылыми-зерттеу жұмыстары. Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау

TSB 5309.1 Қимасы үлкен қазбалар құрылысының технологиясы – 3 кредит

Пререквизиттері: Тау-кен ісінің негіздері OGP 1301

Оқыту мақсаты: Қима аудандары үкен болатын тау-кен қазбалары мен жерасты ғимараттарын салу технологияларынан баянды білім беру. Атап айтқанда тік, жазық және көлбеу салынатын жерасты ғимараттарын салу технологиялары мен ерекшеліктерін түіндіру.

Қысқаша мазмұны: Қима ауданы үлкен болып жобаланатын жерасты нысандары құрылысының дайындық кезеңдері. Қима ауданы үлкен тік оқпан құрылысын жобалау. Оқпан албарының ғимараттарын жобалау. Қима ауданы үлкен болатын жазық және көлбеу жерасты ғимараттарын жобалау. Көлденең қимасы үлкен құрылыс нысандарын жобалау.

Күтілетін нәтиже: Пәнді оқып меңгеру нәтижесінде магистранттар - қима ауданы үлкен болатын тік, жазық және көлбеу жерасты ғимараттарын жобалау әдістерін, қима ауданы үлкен болатын жерасты құрылыстарын салудағы технологиялар мен әдістерді қолдануды, құрылыс нормалары мен ережелерінің негіздерін қолдануды үйренулері тиіс.

Постреквизиттер: Ғылыми-зерттеу жұмыстары. Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау

TSB 5309.2 Тау-кен жұмыстары режимдерін оңтайландыру әдістері – 3 кредит

Пререквизиттер: Ашық кен жұмыстарын моделдеу және оңтайландыру 5204.2

Оқыту мақсаты – магистранттарды математикалық (сызықты, сызықсыз және динамикалық) бағдарламалауды пайдаланумен үлкен тереңдікке дейін жүршізілетін кен жұмыстарының инновациялық технологияларын жүзеге асырудың жаңа әдістері негізінде пайдалы қазынды кенорындарын кезеңдеп қазуды жобалауға үйрету.

Қысқаша мазмұны: Пайдалы қазынды кенорындарын үлкен тереңдікке дейін кезеңдеп қазудың мәні. Көлбеу, күртқұлама және мультотәрізді кенорындарын нәтижелі қазудың инновациялық технологияларының негіздері. Қазу кезеңдерінің контурларын оңтайландыру кезіндегі сызықты, сызықсыз және динамикалық бағдарламалауды пайдалану. Біріктірілген кен-геологиялық жүйелерді пайдаланумен оңтайландыру әдістері. Кенорынды кезеңдеп қазуды, карьер өнімділігін және кешенді механикаландыру құрылымдарын техникалық-экономикалық негіздеу.

Күтілетін нәтижелер: Пәнді оқыту нәтижесінде магистрант карьерлерді жобалаудың теориясы мен тәжірибесінің жаңа жетістіктері негізінде үлкен тереңдікке дейін қазылатын, қорлары мол пайдалы қазынды кенорындарын ашық қазудың нәтижелі әдістерімен, заманауи техникалық және технологиялық шешімдерімен танысып, қазу кезеңдерінің контурларын жедел құрастыру дағдыларын үйренеді. Күрделі құрылымды кенорындарындағы оңтайландыру әдістерінде сызықсыз бағдарламалау әдістерін пайдалану мәселелеріне жататын бағалаудың бірнеше белгілерін таңдауға қажет. Сонымен қатар игеру кезеңінің жылдарындағы карьер өнімділігін негіздеу және кешенді механикаландыру құрылымдарын таңдау кезінде белгісіз айнымаларын тек динамикалық бағдарламалау әдісі арқылы есептеуге болатын математикалық модельдер алынады.

Постреквизиттер: Ғылыми-зерттеу жұмыстары. Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау

TSB 5309.3 Пайдалы қазба кен орындарын игерудегі шикізатүнемді технологиясы - 3 кредит

Пререквизиттері: Кен орнын жерасты тәсілімен игеру кезіндегі жаңа технологиялық шешімдер 5204.3

Оқыту мақсаты: Бұл пәнді өтудің себебі болашақ маман тау-кен өндірістеріндегі қиын жағдайларда дұрыс шешім табу үшін пайдалы қазбалар кен орындарын игерудің жаңа ресурстарды сақтау технологияларын игереді.

Қысқаша мазмұны: пайдалы қазбалар кен орындарын игерудің қазіргі кездегі жағдайы мен қиыншылықтарын; пайдалы қазбалр кен орындарын игерудің жаңа ресурстарды сақтау технологияларын; кен қуыстарынды адамдар қатыспай өндіру және тау жыныстарын қопарудың жаңа әдістерін; пайдалы қазбалрды игеру барысында әр-түрлі өнімдерді алу технологияларын; көмір кен орындарын жерасты газификациялау және сумен игеру технологияларын игереді.

Күтілетін нәтижелер: мамандарды күрделі тау-кен геологиялоқ жағдайларда пайдалы қазбалар кен орындарын игерудің жаңа ресурстарды сақтау технологияларын қолдануға даярлау. Жаңа ресурстарды сақтау технологияларын, теоретикалық негіздерін білу болашақ маманды әр-түрлі жағдайларда өндірісті және экономиканы басқаруды үйретеді.

Постреквизиттер: Ғылыми-зерттеу жұмыстары. Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ
ТЕХНИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ имени К.И. САТПАЕВА

КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВНЫХ ДИСЦИПЛИН

**СПЕЦИАЛЬНОСТИ 6М070700 – «ГОРНОЕ ДЕЛО»
(1,5 года обучения)**

Алматы 2016

Каталог элективных дисциплин утвержден научно-методическим советом Казахского национального исследовательского технического университета имени К.И. Сатпаева (протокол №___ от «___» ___ 2016 г.). Алматы, КазНКТУ, 2016.

Каталог включает в себя перечень элективных дисциплин (компонента по выбору) специальности, пререквизиты и постреквизиты дисциплин, цель изучения дисциплины, их краткое содержание, ожидаемые результаты.

**Курс обучения 1,5 года
Магистратура 6М070700 – «Горное дело»**

Академическая степень: Магистр технических наук

Курс: 1

№	Наименование модуля	Цикл дисциплины	Код дисциплины	Наименование дисциплины	Кол-во кредитов	Сем-естр
1	Общетеchnический модуль	БД 1.2.1.1	NOP5203.1	Научное обоснование освоения подземного пространства	2	1
		БД 1.2.1.2	MN 5203.2	Методология науки и методы науч. исследований	2	1
		БД 1.2.1.3	OIP 5203.3	Организация экспериментальных наблюдений и проведение исследование на производстве	2	1
		БД 1.3.1.1	ONT5204.1	Основные научно-технические направления в строительной геотехнологии	3	1
		БД 1.3.1.2	5204.2	Моделирование и оптимизация открытых горных работ	3	1
		БД 1.3.1.3	5204.3	Новые технологические решение при разработке месторождений подземным способом	3	1
2	Модуль профессиональной подготовки	ПД 2.2.2.1	SPP5302.1	Состояние и пути повышения эффективности буровзрывных работ	2	2
		ПД 2.2.2.2	5302.2	Особенности открытой разработки сложноструктурных месторождений	2	2
		ПД 2.2.2.3	5302.3	Физико-химические способы геотехнологических методов разработки	2	2
		ПД 2.2.3.1	SKV5303.1	Системы крепления выработок при строительстве подземных сооружений	3	2
		ПД 2.2.3.2	5303.2	Технологический мониторинг карьеров	3	2
		ПД 2.2.3.3	5303.3	Управление состоянием массивов в сложных условиях	3	2
		ПД 2.2.4.1	ONS 5304.1	Основные направления совершенствования технологий строительства подземных объектов	3	2
		ПД 2.2.4.2	5304.2	Проблемы открытой разработки комплексных месторождений	3	2
		ПД 2.2.4.3	5304.3	Специальные вопросы проветривания горных предприятия	3	2
		ПД 2.2.5.1	TIP 5305.1	Технология изготовления простейших взрывчатых веществ	3	2
		ПД 2.2.5.2	5305.2	Методы обоснования проектных решений открытых горных работ	3	2
		ПД 2.2.5.3	5305.3	Системы автоматизированного проектирования подземных рудников	3	2

NOP5203.1 Научное обоснование освоения подземного пространства – 2 кредита

Пререквизиты: Механика подземных сооружений MPS22.12.5, Расчет конструкций подземных сооружений PKPS3220.5

Цель изучения: Изучение научных и практических основ комплексного использования подземного пространства для размещения объектов различного функционального назначения. Мировой опыт комплексного использования подземного пространства.

Краткое содержание: Горнопромышленные предприятия. Подземные промышленные предприятия. Подземные инженерные коммуникации. Подземные транспортные сооружения. Подземные объекты экологического назначения. Систематизация подземных сооружений по основным признакам. Технология строительства выработки большого поперечного сечения.

Ожидаемые результаты: В результате освоения предмета магистранты должны овладеть умениями: Нормативную базу освоения подземного пространства крупнейших и крупных городов. Приоритетные направления, объекты и схемы освоения подземного пространства. Требования к размещению подземных сооружений в подземном пространстве. Комплексное освоение подземного пространства при проектировании и строительстве метрополитена.

Постреквизиты: Основные направления совершенствования технологий строительства подземных объектов ONS5304.1

MN5203.2 Методология науки и методы научных исследований - 2 кредита

Пререквизиты: Проектирование рудных и угольных карьеров PRKA 4309.1

Цель изучения: обучить магистрантов с основными принципами методологии науки и методам научных исследований и привить практические навыки по выполнению научных исследований на основе математических, экономико-математических, логико-математических и других методов.

